КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 шілде № 4712-23-00-2/1697 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Маңғыстау облысы энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбының соммасын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Маңғыстау облысы энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатовичке келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатовичтен Маңғыстау облысы энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасының

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



«Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 13 548 (он үш мың бес жүз қырық сегіз) теңге тұрақсыздық айыбын және 406 (төрт жүз алты) теңге 44 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

Дара кәсіпкер Жусупов Кайрат Булатовичтен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **М.М.Джумаева**

Құжатқа қол қойылған: Джумаева М. М., 10.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2023, судья Тленов А. Ш., 19.11.2023

4712-23-3-1/1793